

Қазақстан Республикасының жекелеген министрліктері мен ведомстволарының есеп-қаржы қызметтерін орталықтандыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 тамыз N 1000

Республиканың жекелеген министрліктері мен ведомстволарының есеп-қаржы қызметтерін орталықтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1442 P951442_ қаулысымен белгіленген Қазақстан Республикасы ведомстволарының орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны 1-қосымшаға сәйкес қысқартылсын.

2. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1442 қаулысымен белгіленген министрліктердің орталық аппараты

қызметкерлерінің шекті саны 2-қосымшаға сәйкес көбейтілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының жекелеген министрліктері мен ведомстволарының шекті шығыстарына тиісті өзгертулер енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 12 тамыздағы
N 1000 қаулысына
1 қосымша

Орталық аппарат қызметкерлерінің штаттық саны
қысқартылатын Қазақстан Республикасы ведомстволарының

ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақстан" мемлекеттік кинокомпаниясы	5
Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі	2
Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттік	1
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті	6
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет	4
Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет	2

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 12 тамыздағы
N 1000 қаулысына
2 қосымша

Орталық аппарат қызметкерлерінің штаттық саны
көбейтілетін Қазақстан Республикасы министрліктері
мен мемлекеттік комитеттерінің
ТІЗБЕСІ

Министрліктер	Адам саны
Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі	3
Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	2
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	7
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК